

Ыбырай Алтынсарин - тұңғыш оқулық иесі

Ыбырай Алтынсарин - дала қоңырауы атанған Ұлы дала перзенті.


Өз заманының ең маңызды мәселесі - қазақ балаларын оқыту екенін біліп, көктемнің алғашқы қарлығашындай қанатымен жел тербеткен сары далаға білім нәрін сепкен, қазақ мектептерінің қалыптасуына бар күш - жігерін жұмсаған азамат. Ыбырай Алтынсариннің қазақтың ағартушылық тарихында қалдырған ізі және ұлттық мектеп, яғни, қазақ мектептерінің қалыптасуына сіңірген еңбегі орасан зор.

Ыбырай Алтынсариннің тұңғыш оқулықтарды орыс алфавиті негізінде жазуы, орыс үлгісінде білім беретін мектептер ашып, жаңа талапқа сай мұғалімдер дайындауға күш салуы сол замандағы өзекті мәселелердің бірі еді. Сондай-ақ, Ы.Алтынсарин қазақ балаларына арнап ауыл шаруашылық, қолөнер мектептерін ұйымдастырды, қазақ жерінде алғаш қыздар мектебін ашуға ұйытқы болды.

«Кел, балалар, оқылық!» деп қазақ даласына жар салды. Ғасырдан аса уақыт өтіп, заман түбегейлі өзгерсе де Ыбырай ұстаздың сөздері бүгінгі заман талабына сай болып, өз мәнмағынасын жоғалтқан жоқ. Ұлы оқытушының тұлғасында педагогке тән қадір-қасиеттің бәрі бар.

Қазақ балаларына білім мен тәрбие берудегі Ыбырай Алтынсариннің алға қойған мақсаты, педагогикалық мұраты - балаларға жан-жақты және кең көлемде білім беру. Білім және тәрбие берудегі бұл мақсаттар, қазақ халқының жалпы мұң-мұқтаждарымен астарла-

сып, сол замандағы өмір талабынан туындап жатыр. Оқыту ісін жан-тәнімен қалаған Ұстаз жақын досы Н.И.Ильминскиймен әңгімесінде «Әкімшілік, оның ішінде судья болуды, шынмды айтайын, жаным сүймейді, мені оқу-ағарту ісі тарта-



ертегі, аңыздары мен мақал-мәтелдері кеңінен енгізілген. Әрине, тәлімдік, тәрбиелік мәні зор үлкен ізденістен туындаған Ыбырай Алтынсариннің өз туындылары: балалардың түсінік, талғамына лайықталып жазылған

Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері

Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген.

ды да тұрады, бар табиғатыммен оны сүйемін, ал граф (Бұл жерде: патшаның халық ағарту министрі граф Д.А.Толстой) мені қазақтарға білім беру ісін ұйымдастыруға қосса, оны мен өз бақытымнан да жоғары деп есептеймін» - дейді.

Ы.Алтынсарин 1875 жылы ол өзі армандаған қазақтардың оқуын ұйымдастыру жұмыстарына кіріседі. Орыс графикасын пайдаланып, «Қазақ хрестоматиясын» жазуды қолға алады.

Ұлағатты ұстаз, кеменгер жазушы - Ыбырай Алтынсарин 1879 жылы Орынбор қаласында «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын орыс әрпімен қазақ тілінде бастырып шығарады. Оқулық Ы.Алтынсариннің өзі шығарған «Бір Аллаға сиынып, Кел, балалар, оқылық!» өлеңімен басталып, Жинаққа қазақ халқының

өлең, жыр, қысқа әңгімелері жинақталған. Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» екінші кітабы 1880 жылы Тройцк қаласында басылып, шығады. Кітаптың алғы сөзінде Ы.Алтынсарин былай деп жазады: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім» Ыбырай Алтынсарин орыс-қазақ мектептеріне арнап жазған екі оқу құралын - «Қазақ хрестоматиясы» және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» кітаптарын жарыққа шығарды. Бұл екі кітап қазақ мәдениетінің қалыптасуы, өсу тарихында үлкен орын алған, өте маңызды ең-

бек болды, сонымен бірге олар қазақ өмірінде өз тілінде жазылып, бастаханадан арнайы шыққан тұңғыш оқулықтардың төлбасы болатын.

Кітап төрт тараудан тұрады:

1-тарау. Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматиялары, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды, мысалдар мен халық әдебиеті, балалардың туғандарына жазған хаттары.

2-тарау. Әр түрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.

3-тарау. Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.

4-тарау. Қазақтың мақал-мәтелдері.

Бұл кітапты құрастырғанда автор біріншіден, осы ана тілінде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына қажетті оқу кітабы бола алу жағын көздейді, екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды, қызықты болу жағын қарастырған. Бұл кітап орыс графикасына негізделіп жасалған

ең алғашқы оқулық. Оқулықтың алғы сөзінде оқу құралын қалай оқыту жөнінде әдістемелік нұсқау беріліп, әр бөлімнен кейін оқыту әдісі көрсетілген екен. Әрбір бөлім соңында сөздік (аударма) берілген. Әрқайсысынан кейін орыс грамматикасының негізгі, басты ережелерін ұсынып отырады. Ережелер балалардың қабылдауына оңай нұсқада келтірілген. Оқулыққа орыс тілі мен қазақ тілі грамматикасын салыстыра оқыту қажеттігі басым айтылған. Бұл оқу құралы сол кезең үшін де және бүгінгі күн талабы тұрғысынан да терең негізгі лингвистикалық әдістемелік еңбек болып табылады. Ыбырай оқытушылардан оқу бағдарламаларымен шектеліп қана қалмай, оларды жан-жақты ізденіп, қолға түскен қосымша материалдармен толықтыра түсуді талап етіп отырған. Ол: «Жақ-

сы білім беру керек, қалай болса солай, оқытуға болмайды», «Оқытатын кітаптар ғылымға негізделуі тиіс», - деді. Ыбырай Алтынсарин оқыту процесінде ең алдымен білім беру мен тәрбиелеуде мұғалімнің ролін жоғары қойды, оқу-материалдық базасының шешуші маңызын атап көрсетті және оқулықтарды тандап ала білуге үлкен мән берді. Инспектор ретінде балаларға білім беруде маңызды, керек оқулықтарды әуелі өзі оқып шығып, кейін қажет деп тапса, мектепте пайдалануға ұсынып отырды. Ыбырай қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, адалдыққа, достыққа, еңбекке, жігерлікке, тапқырлыққа, халқын сүйуге шақырды. Ол өз еңбектерінде адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуды насихаттап, жастарға дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын жақсы ұғындырды.

Қазақ халқының дарынды перзенті Ыбырай Алтынсарин қазақ тарихында ерекше орын алады. Ол қазақтың тұңғыш педагогы, қазақ даласында бірінші рет мектеп ұйымдастырып, қазақ жастарына білім есігін ашты. Өз халқын жан-тәнімен сүйген, халқының білімді болуына, мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш-жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот еді. Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды.

Қазіргі өркеніетті қазақ халқы не бәрі 48 жасында өмірден өткен Ыбырай Алтынсаринді ұлы ұстаз, педагог, талым, ірі қоғам қайраткері деп бағалап құрмет тұтады.

Ыбырай ісін жалғастыратын, арманын орындайтын біздер, болашақ үшін жауапты екенімізді ешқашан ұмытпауымыз керек.

Ардақ АБДУЛЛИНА,
аға оқытушы, педагогика
ғылымдарының магистрі,
АрқПИ доценті.